

Қазақстан Республикасында құс тұмауына қарсы күрес жөніндегі жедел іс-қимыл жоспарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 17 сәуірдегі N 288 Қаулысы

Әлемде қалыптасып отырған құс тұмауы бойынша күрделі эпизоотиялық жағдайды ескере отырып және оның туындауы мен таралуына жол бермеу жөнінде уақтылы шаралар қабылдау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасында құс тұмауына қарсы күрес жөніндегі жедел іс-қимыл жоспары (бұдан әрі - Жедел іс-қимыл жоспары) бекітілсін.

2. Жедел іс-қимыл жоспарында көрсетілген іс-шаралардың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кеңесінің Басшысы А.А.Тілеубердинге жүктелсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2006 жылғы 17 сәуірдегі
N 288 қаулысымен

бекітілген

Қазақстан Республикасында құс тұмауына қарсы күрес жөніндегі жедел іс-қимыл жоспары

Р / с N	Атауы	Аяқтау нысаны	Ұйымдастыруға және орындауға жауаптылар	Орындалу мерзімі
1	2	3	4	5
1.	Ел аумағына басқа мемлекеттерден құс тұмауы вирусының әкелінуінің алдын алу мақсатында, көліктің барлық түрімен жолаушылар және жүктер өтетін жерлерде оларға кедендік, ветеринариялық-санитарлық және санитарлық-эпидемияға қарсы бакылауды қамтамасыз ету	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	А Ш М (жинақтау), Қаржымині, ДСМ, ККМ, жергілікті атқарушы органдар	Жыл сайын 10 шілдеге және 10 қаңтарға
	Шараларды жүргізу, оның ішінде : шаруашылық субъектіле-			

2.	<p>ріне келіп түсетін барлық құстарды алдын алу карантинінде 30 (отыз) тәулік бойы оқшаулап ұстау;</p> <p>тиісті материалдарды бұқаралық ақпарат құралдарында жария етуді қоса алғанда, халық арасында құс тұмауының алдын алу және онымен күресу мәселелері бойынша үгіт-насихат және түсіндіру жұмысын жүргізу;</p> <p>аулаларды аралап тексеруді ұйымдастыру және халыққа әрі қарым-қатынаста болатын адамдарға медициналық қадағалау орнату</p>	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	А Ш М (жинақтау), ПМ, ДСМ, БҒМ, Мәдениетмині, жергілікті атқарушы органдар	Жыл сайын 10 шілдеге және 10 қаңтарға
3.	Білім беру ұйымдарында оқушылармен құс тұмауының алдын алу және онымен күресу мәселелері бойынша әңгімелер өткізу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Б Ғ М (жинақтау), Д С М , жергілікті атқарушы органдар	Жыл сайын ақпан қыркүйек
4.	Құс тұмауының алдын алу және онымен күресу мәселелері бойынша мүдделі мемлекеттік органдардың қатысуымен семинар-кеңестер өткізу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	А Ш М (жинақтау), БҒМ, ДСМ, ТЖМ, Мәдениетмині, ПМ	Жыл сайын 10 шілдеге және 10 қаңтарға
5.	Жыл құстарын аулауға жол бермеу жөніндегі бақылауды қамтамасыз ету	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	А Ш М (жинақтау), І І М , жергілікті атқарушы органдар	Аң аулауға шектеу мерзімі кезінде
6.	Құстардың қоныс аударатын жолдарында және жаппай шоғырланған және ұя салған жерлерінде жабайы фаунаға мониторинг жүргізу, сондай-ақ су тоғандарын есепке алу және бақылау	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	А Ш М (жинақтау), Қоршаған-ортамині, жергілікті атқарушы органдар	Жыл сайын 10 шілдеге және 10 қаңтарға
7.	Халықаралық маңызы бар әуежайларда дене қызуы көтерілген адамдарды анықтау	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Д С М (жинақтау), К К М , жергілікті атқарушы органдар	Жыл сайын 10 шілдеге және 10 қаңтарға
				анықталған жағдайда

8.	Эпизоотиялық ошақтардан құстардың, құс шаруашылығының өнімдері мен шикізатының әкетілуін бақылау	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	А Ш М (жинақтау), ДСМ, ІІМ, жергілікті атқарушы органдар	Жыл сайын 10 шілдеге және 10 қаңтарға
9.	Құс шаруашылығы өнімдерінен жасалатын тамақ өнімдерін шығару және дайындау кезінде санитарлық-эпидемияға қарсы ережелердің сақталуын бақылауды жүзеге асыру	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	А Ш М (жинақтау), Д С М , жергілікті атқарушы органдар	Жыл сайын 10 шілдеге және 10 қаңтарға

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

Қаржымині - Қаржы министрлігі

Мәдениетмині - Мәдениет және ақпарат министрлігі

БҒМ - Білім және ғылым министрлігі

Қоршағанортмині - Қоршаған ортаны қорғау министрлігі

АШМ - Ауыл шаруашылығы министрлігі

ККМ - Көлік және коммуникация министрлігі

ТЖМ - Төтенше жағдайлар министрлігі

ІІМ - Ішкі істер министрлігі

ДСМ - Денсаулық сақтау министрлігі